


Білім каналы, Ел арна, Детский дом, Сара Алпысқызы Бөбек туралы,

Біз өте ерекше ғаламшарда тұрамыз Ж.Баласағұн «Жер бетіндегі тіршілік аспандағы күннен басталады: Дүниенің нұрлы жомарт алыбы. Күнді қара, сөнбейтұғын жарығы. Жарқыраған күнді көр де, көр мені, - деп аспандағы күнді адамның бойындағы ізгі қасиетпен байланыстырады. «Күнді әлемнің тірегі, барлық тіршіліктің жаны», – деп адам болмысындағы «Ізгілік адамның жүрегінде орнығатын қасиет» - деп ерекше бағалайды [20].

Абай Құнанбайұлының «...жаны тәніне бағынған адамның ойлау қабілеті табиғаттағы астрологияны тануға жетпей келеді», - деген 38-сөзінде көрініс табады.
«Адамның жетілуі – жанның материалдық құрсаудан босануы»



**Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес.**

Шәкәрім аңсаған «Ар ілімі» бүгінгі Жүрек пен Рухани заманының тоғысында еліміздің Бірінші Ханымы Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасы аясында қазақ елінде қайта мәртебелі орын алды. Рухани – адамгершілік білім берудің барлық үдерісі қазақ елінің жүрегін сүйіспеншілік қуатымен толтырып, *Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды* жарыққа шығарып, ізгілікке жол ашуда. Суреті. Жоба авторы «Өзін-өзі тану» білім бағдарламасының мәнін ешкімге еліктемей, өзіндік тұлғасын сақтап қалу, өз мүмкіндіктерін дамыта білу; міндетті түрде «жақсы» мен «жаманды» ажырата білу; өзінің ниетіне, сөзіне және іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау; өзімен және қоршаған ортамен жарасымды өмір сүру; адамдарға әрқашан қолынан келгенше көмектесу; өзінің ішкі «Менін» жоғалтпай, ар-ұжданымен өмір сүру; қоғамның игілігі үшін еңбек ету, үнемі кемелденіп отыру деп түсінеді. Мұның барлығы – үйлесімді дамыған адамның негізгі өмірлік ұстанымдары, яғни «Өзін-өзі тану» білім бағдарламасы болып табылады.



Сара Алпысқызының тағдыры – бұл «Бөбек» балалар қайырымдылық қорының негізін салу жолындағы, қорғансыз жетім балалардың қамқоршысы ретінде, адамзатқа жоғары қызмет көрсету үлгісі мен шын жүректен жасалынған қамқорлыққа толы өмір. Сара Алпысқызы «Қазақстанның SOS-балалар қалашықтары» ұлттық қорының президенті болып тағайындалды «SOS-Балалар қалашықтары»

Сондықтан да Сара Алпысқызын жалғыз Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде жалпыадамзаттық құндылықтарды белгілейтін, мейірімділік пен әділдіктің жалпыпланеталық қоғамдық рухани көсбасшысы ретінде қабылдайды. Оған дәлел 2012 жылы Ресей, Әзірбайжан, Литва, Болгария ғалымдарының қатысуымен Орталықтың 15 жылдығына орай өткен «Өзін-өзі тану»: сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» атты Халықаралық педагогикалық оқуларының жұмысы.

«Бөбек» балалар қоры тәуелсіз мемлекеттің тарихында ерекше орынға ие және оның риясыз көп қырлы қызметі болашақ өркені үшін жүзеге асырылады.

Ақиқатты тану үшін біз өзімізге МЕН КІММІН? ӨМІРІМНІҢ МАҚСАТЫ НЕ?
Үйлесімді ӨМІРДІ ҚАЛАЙ СҮРЕМІН? деген сұрақтар қоямыз.

Біз үнемі даму үстіндеміз. – бұл өзімізді тануға жағдай жасайды.

Біздің жүректегі ризашылық, жақсы көру, жақсылық іс.
Себебі «Өзін-өзі тану» біздің өмірде

«Әр адамның шыңы жеке, ақиқат қана» деген даналықты халқымыз бекер айтпаған.

Адам үшін өзін-өзі тану – жақсылықтың бастауы. Сократ
Адам даналығының бастамасы - өзін-өзі тану.

“... Сүйіспеншіліктің ешбір кішкентай ісін, кішкентай құрбандықты тастаушы болмаңдар ...Ұлы нәрсе іздемеңдер, алайда кішкентай істі ұлы Сүйіспеншілікпен жасаңдар...Істейтін ісіміз болар болмас болған сайын сүйіспеншілігіміз зорая түсуі тиіс”.

Тереза ана

Ш.А.Амонашвили айтпақшы: «Әрбір баланы керемет рухани күш иесі», - деп қарап, оның шетсіз шексіздікті үйренсем деген ұмтылысына уақытында көңіл бөліп, демеу жасасақ, қуаттандырсақ, жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, адал адам тәрбиелеп шығарарымыз сөзсіз.

А.В. Сухомлинский: «Әлемде онсыз да зұлымдық жеткілікті, сондықтан да бір-бірімізге, қоршаған ортаға қатысты мейірімді болуымыз керек. Мейірбандық жолына түсу – адамның ең тиімді, ең жарық жолы. Ол сенімді, пайдалы және сыннан өткен – адамға да, қоғамға да», - деп атап көрсетеді



«Әкесіз жетім жарым жетім, анасыз жетім нағыз жетім» -деген. Және бір хадистерде «Жетім мен жесірдің ас суы мен киім киінуі үшін қызмет еткендер Алла жолында соғысып және әр түнін намаз оқып, күндізін ораза ұстаумен өткізгендей сауап алады».

«Бір үйде жетім жылағанда Ғарышта Алла разы болмайды. Алла тағала былай деп бұйырады: «Ей Жәбірейіл! Мына жетімді кім жылатқан болса, оның орнын жаһаннамнан іздеп тап! Мен де оны жылатайын. Ал оны қуантып күлдірген кісінің де жәннаттағы жерін тап, мен де оны қуантайын».

Баланың ақыл – есі кіргенде, өзін – өзі тоқтатқанда, шынайы ата – анасы туралы ақиқат ақпар берілуі керек.

Аталмыш мәселеге қатысты зерттеу жүргізген Мухина В.С. [25] мынадай қорытындыға келді: **Балалар үйінде «неше адам қамқор болары жетім бала үшін маңызды емес, ең бастысы әр бала қамқорлық пен сүйіспеншілікті танып, сезініп өсуі қажет».** Біздің әрбір жетім балаға «Қамқоршылық» ету Жобасының мақсаты Ш.А.Амонашвилидің «Әрбір баланы керемет рухани күш иесі», - деп қарап, оның шетсіз шексіздікті үйренсем деген ұмтылысына уақытында көңіл бөліп, демеу жасасақ, қуаттандырсақ, жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, адал адам тәрбиелеп шығарарымыз сөзсіз», деген ойымен үндеседі.

Оы тұста Сара Алпысқызының «шәкірт жүрегін тазалау, оны мейлінше лас дүниеден аулақ ұстау, мөлдірлік пен ізгілікке толтыру» деп алға қойған мақсаты, біздің міндет болып табылады.

«Қамқоршылық» ету Жобасының экологиялық бағытын «Өзін-өзі тану» пәніне ықпалдастыру арқылы жүзеге асырдық. 2013 оқу жылынан бастап Алматы облыстық №1 балалар үйінде қолға алған жеті

Жетім балаларға «Қамқоршылық» ету жоба бойынша еріктілер мен қоғамдық ұйымдардың қолдауымен қосымша білім алу бойынша – экологиялық бағыттағы балалар арасынан **«Эко-клуб» құрылды.** Зертеуші ғалымдардың көпшілігі балалардың осындай қарым-қатынасты қажетсіну, басқа адамды танып-білуге ұмтылу, ниет білдіру ерекшеліктерін атаған. Бірлесе орындаған «Эко-клуб» әрекеттері, бос уақытты ортақтаса өткізу жеткіншекке ересектерді жаңаша тануына мүмкіндік береді. Жетім балалардың өмір сүруі барысында қолдайтын терең эмоциялық және рухани қатынас орнап, ересектер мен жетім балалар арасында тұлға аралық ізгілікті қарым-қатынасы оңтайлы бағыт алатынын В.С. Мухина анықтаған. Ғалымның осы зерттеулерін ескере отырып, жетім балаларды қоғамдық жұмыстарға араластырып, олардың табиғатт амандығы сақтауға деген ерікті белсенді ұстанымын дамыту жұмысын жүзеге асырдық.

«Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды». Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады». Ал Фараби: «Жүрек - басты мүше» - деген. Адам бойындағы ізгілікті жаңғыртуды көксеген Абай мен Шәкәрім «Адамның жетілуі – жанның материалдық құрсаудан босануы». Жан адамды нәзік болмыс арқылы билейді, сол себепті, жан қаншалықты адал да таза, әділ де мейірімді, махаббатқа толы болса, адамның да іс-әрекеті, тұлғасы соғұрлым кемелді де келісті.«Өзін-өзі тану» пәнінің 6-сынып оқулығында берілген Абайдың «Он жетінші» қарасөзін оқып түсіну арқылы жетім балалар қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің айтысын талдап, олардың адам үшін артықшылығы неде, адамның мәнді де мағыналы өмір сүруі үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін қалай ажыратқаны жөн, не нәрсеге мән беріп, нені басшылыққа алғаны дұрыс екенін байыптайды. «Жүрекке билету» деген сөздің мағынасын түсіне отырып, оқушылар тағы қандай қасиеттерді «жүрекке билетуге» болатыны жөнінде ой толғайды [12].

Ал, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз болады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек», – деген нақыл сөзде айтылған адамның жақсы өмір сүруіне негіз бола алатын адами қасиеттердің мәнін ұғыну оқушылардың өз бойларындағы адамгершілік қасиеттерді дамытуына ықпал етеді.

Адамның пейілі таза, көңілі кең, мейірімі мол, әр нәрсені қанағат ынсап тұта алу қасиетінің көптігі ниетке байланысты екендігін Шәкәрімнің «Мейірім, ынсап, әділет, шыдам, шыншыл характер – түп қазығы ақ ниет», – деген нақыл сөзі дәйектей түседі. Мейірімді, қайырымды, сезімтал адам әрдайым жақсылық жасауға дайын тұрады. Ақ ниетпен жақсылық жасау адамның ішкі дүниесінің байлығын, жан сұлулығын көрсетеді. Осы мақсатта республикалық оқу-тәрбие мекемелерінде жүзеге асырылып жатқан ірі жобалардың бірі, Шәкәрім аңсаған «Ар ілімі» бүгінгі таңдағы «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасын айтуға болады [13].

М.Жұмабаевтың пікірінше [14] «адамды тән мен жанның бірлігі, оның ішіндегі жанның адам үшін маңыздылығын, адамды адам ететін жан» екенін есерсек, «Өзін-өзі тану» пәнінің тұжырымдамалық негізі – жалпыадамзаттық құндылықтар «Ақиқат», «Ішкі тыныштық», «Дұрыс әрекет», «Сүйіспеншілік», «Қиянат жасамау» болса, білім беруді ізгілендіруде баланы оның жеке қасиеттерін ашу арқылы жаны мен жүрегіне жылылық ұялату және рухани біліммен кеңейтуге тереңдетуге жағдай жасау басты мақсат болып табылады. Осы бағытта *білім беруді ізгілендіру тұжырымының ерекшелігіне* тоқталар болсақ: Баланың бойында байқалмаған немесе дамымаған әлсіз қасиеттерін сүйіспеншілікпен бекіту, сендіру.

Я.А.Коменский «... алдымен сүю керек, сонан соң оқыту қажет», - деген ойын алға тартып, «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі», - деп, ұстаздар қауымын жоғары бағалаған [15].

Ал В.А.Сухомлинский «Балаға рухани-адамгершіліксіз, достықсыз берілген тәрбиені қараңғыда адасушылықпен салыстыруға болады» - деп қарастырады [16].

К.Д.Ушинский «Оқу ісі тек ақыл – ойды дамытып қоймай, “жүрек”, “сезім”, “ерік” қамтуы тиіс» [17].

Аристотель ізгілікті, адамгершілікті интеллектуалды және этикалық деп бөліп қарастырып, шынайы ізгілік, адамгершілік мінез-құлықтың ақыл-ой сезімімен үйлесім табуы этикалық және дианоэтикалық ізгіліктердің бірлігі болып табылады деп, ол адамгершілік пен ғылымның арасындағы айырмашылық мынада» [18].

Конфуций тұжырымының негізі: ізгілік, сүйіспеншілік болып табылады. Ұлы көсем «Қайырымдылық болған жерде әсемдік болады деген данышпандықтың жиегінде адам әрекеті, әлеуметтік нормасы тұрады» -деп қоғамдық өмір және ізгілікті басқару жайында ой толғайды [19]

Ж.Баласағұн «Жер бетіндегі тіршілік аспандағы күннен басталады: Дүниенің нұрлы жомарт алыбы. Күнді қара, сөнбейтұғын жарығы. Жарқыраған күнді көр де, көр мені, - деп аспандағы күнді адамның бойындағы ізгі қасиетпен байланыстырады. «Күнді әлемнің тірегі, барлық тіршіліктің жаны», – деп адам болмысындағы «Ізгілік адамның жүрегінде орнығатын қасиет» - деп ерекше бағалайды [20].

Рухани –адамгершілік білім - бұл әлеуметтік-мәдени тәжірибенің игерілуі, жалпыадамзаттық құндылықтың қатынасы негізінде жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктері мен даралығының ашылуына ықпал етеді.

Рухани-адамгершілік білім беру дегеніміз жетілген ойы, сөзі, ісі бірлікте өмір сүретін адам тәрбиелеу мақсатындағы оқушының жоғары рухани болмысын ашып көрсетуге ықпал ететін, оны жалпыадамзаттық құндылықтар мазмұнына енгізу арқылы оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру мен жандандыруға мақсатты бағдарланған педагогикалық үдеріс.

Біз білім беру жүйесі арқылы қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртқымыз келеді. Сол арқылы әр адам өз бойындағы қабілеттерін толық жүзеге асырып, өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл адамзат игілігіне пайда келтіре алатындай болуы керек...Сара Алпысқызы

«Рухани кәусар бұлақ көзіне апаратын жолды іздеп табу – әркімнің басты міндеті»
«Ізгілік-бұл адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас, бұл өзге адамға жақсылық жасаудың негізі»

“Адамның жақсысы – адамға сүйіспеншілікпен қарағандар”

Абай Құнанбаев

« Адамның рухы болатынына сенемін. Ғылым, біліммен оны бөліп тастай алмаймыз. Ол рух –тұтас, жаһандық құбылыс.

Бірақ адамның тәні де болады. Кейде біз тән мен рухты алмастырып аламыз.
Міне, осыдан барып адамның руханилығы мен жанының кемелденуіне ықпал ететін педагогика ғылым ретінде пайда болады»

Ш. А. Амонашвили

Ш.А.Амонашвили «Өмір мейірімділікті дамытып, зұлымдықтан арылу үшін тоқтаусыз қалыптасып және жаңарып отыру керек. Адам рухани даму деңгейіне жеткенде ғана оның бойында ізгілік болады. Білім ізгілікке бағыттамаса, адам бойында ізгіліктің нышаны байқалмаса, онда білім пайдасыз ұстаным болып табылады. Яғни керісінше білім беру руханилыққа бет бұрса, онда сөз жоқ өмір бақытқа, тыныштыққа, адамдардың бірін-бірі түсінушілікке толы болар еді» дейді [

Сократ танымдық іс-әрекеттің басты мақсаты - адамды жаратылысынан ізгілік бастамасының иесі ретінде қарастыра отырып, «адамның жақсылық жасағанда, ол жақсылықтың мәні неде екенін білген дұрыс. Егер адамдар жақсылықтардың да, жамандықтың да не екенін, олардың табиғатын түсініп, білетін болса, онда олар еш уақытта да жамандыққа бармас еді. Жамандықтың өзі жақсылықтың не екенін білмегендіктен болатын құбылыс»

Конфуций «Қайырымдылық болған жерде әсемдік болады деген данышпандықтың жиегінде адам әрекеті, әлеуметтік нормасы тұрады»

әл-Фарабидің пікірінше, ізгілік адамның жүрегінде орнығатын қасиет. «Қайырымдылық бақытқа жету үшін керек. Ол табиғи түрде де, қалау түрінде де бола алады. Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады»

Алтынадан

Ақиқат жайында

Барша жақсы құндылық атаулының,
Көш басында ақиқат тұрады анық.
Бастау болып бар ұлы қасиетке,
Адамдықты биікке шығады алып.
«Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,

Жаны үшін адамшылық жан сақтайды»
Деп Шәкәрім жырлаған ақиқатты,
Бұл өмір қадір тұтып ардақтайды.

Ішкі тыныштық

Терең бойлап түбіне жүрегіннің,

Тыныштықтың қадірін біле білгін.
Абай атқан «әділет, тыныштыққа»
Көңіліңнің құлағын түре білгін.
Ішкі жанның ізгілік ойларына,
Бейімділік болсыншы бойда мына.
Тыныштықтан туралық пайда болад
Дөп келетін ақиқат байламына.

Қиянат жасамау

Бар құндылық болса егер жүрегіңде,
Мүмкіндік жоқ жамандық түнегіне.
Іспен түгіл оймен де жармаспағын,
Қиянатшыл әлемнің білегіне

Дұрыс әрекет

Ой ісі, сана ісі, қимыл ісі,
Ұмтылса әрекеттің ол жемісі.
Парызды арқалаған ар-ұятпен,
Ақиқат айдынында тұркемесі.

Қиянат жасамау адамға өмірінде қайырымдылық жасау қаншалықты парыз болса, соншалықты қиянат жасамауға парыз болу.

Адам өзін Парызға арнауы тиіс және әрдайым осы әлемде өзі өмір сүре алатындай, және де бүкіл әлем тыныштықта рахаттана алатындай Парызға сәйкес әрекет етуі тиіс.

Дұрыс әрекет – жүректен шығып, сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс жүзінде қолданылатын құндылық. Адам ешбір басқалай жолмен емес, тек қана дұрыс өмір сүру арқылы нағыз өз әлемін таба алады.

Ақиқаттан туындағанның барлығы – Дұрыс әрекет. От парызы – жану. Онсыз жай ғана көмір. Қант парызы – оның тәттілігі. Тәттілігі болмаса, жай ғана сусымалы зат. **Егер біз ар-ұятымызға сүйенбесек, онда Дұрыс әрекет болмайды.** Біз үшін жүрек тазалығымаңызды.

Риясыз сүйіспеншіліктің басы да, аяғыда болмайды.

Риясыз сүйіспеншілік барлық категорияда осы шақ, келер шақ, өткен шақпен өмір сүреді.

Бүкіл әлемді өзгертуші ізгілік пен сүйіспеншілік бұл өте қуатты энергия. Сүйіспеншілік энергиясы қалай адамнан адамға беріледі? Сөзбен, көзбен, мейіріммен жымию арқылы, қолмен ұстап сезіну, ісімен, түсінісумен, оймен. Сол сүйіспеншілік энергиясының жолсерігі – Адам болса, қайнар көзі – Жүрек.

Риясыз мейірімділіктің адамзат тарихындағы үрдісі туралы бөлігінде әлемге әйгілі, риясыз мейірімділіктің символы саналатын **Тереза ана мен еліміздегі қорғансыз жетім балалардың қамқоршысы Сара Алпысқызының** іс жүзінде жасаған еңбектері баға жетпейді

Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті педагогикалық жүйесінде «Өмір мейірімділікті дамытып, зұлымдықтан арылу үшін тоқтаусыз қалыптасып және жаңарып отыру керек. Адам рухани даму деңгейіне жеткенде ғана оның бойында ізгілік болады

Мейірім – рухани сыйлық. Ол рухани жомарттықпен және өзін-өзі құрбандыққа шалумен байланысты.

Дұрыс жол, ізгіліктің бастамасы,
Өзге жолды жаныңа жатсанашы.
Өз әлемін жаратар ғажап етіп,
Әрекеттің адам ғой бас қаласын.

Сүйіспеншілік

Жарқырап алтын таң атқанда,
Шуағын ғаламға шашқанда.
Оянған табиғат анаға,
Сүйісініп қарашы далаға.
Құстар кеп, ән салып шуласа,
Тіршілік теңізі туласа.
Адамдар сабылған көшеге,
Сүйісініп қарашы қалаға.
Әлемді әсем ғып жаратқан,
Бәрі де сен үшін балапан.
Сүюге сыйлауға бір-бірін,
Сүйсінтіп қарашы жаратқан.
Абдулла Оразкүл